



www.kazmkpu.kz



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Қысқаша ақпарат: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде Халықаралық Түркі әлемі зерттеулеріне арналған симпозиум өтеді.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 114. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1-оқу ғимараты.

Уақыты: 11 қазан, 2018 жыл, сағ.: 09:20 (9:30-да арнайы баспасөз конференциясы)

Толығырақ: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы өтеді. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған алқалы жиынға Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Ресейден 200-ге жуық ғалым, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатыспақ.

Әлемдегі ғылым, білім саласында түркі әлеміне қатысты зерттеу жасап жүрген ғалымдардың басын қосып, ғылыми бағытта пікір алмасуды қамтамасыз ету, жаңа ғылыми зерттеулерге жол ашып, түркі әлемі әдебиеті мен мәдениетінің кеңеюіне ықпал жасау Симпозиумның басты мақсаты.

Басқосуда ғалымдар педагогика, тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, өнер, халықаралық қатынастар, экономика, философия, әлеуметтану, гендерлік т.б.

мәселелер жайында және жаратылыстану ғылымдары саласында пікір алмасып, болашақта түркі әлемінде ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру тұрасында уағдаласпақ. Симпозиум түбі бір түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының нығаюын, әлемде бейбітшілік пен тыныштықтың қамтамасыз етілуін көздейді.

Симпозиум «Жаһандық бәсекеге қабілетті филолог маман даярлаудың қазақстандық және әлемдік тәжірибесі», «Рухани жаңғыру: әдебиет арқылы ұлттық сананы кемелдендіру», «Жаһандық білім беру жүйесі: әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді жаңаша оқыту әдістемесі», «Латын графикасы: тарихы, теориясы және оқыту әдістемесі», «Түркі қауымы: тарихы мен мәдениеті», «Қазіргі замандағы білім беру үрдісінің ұлттық және халықаралық даму тенденциясы» және «Түркі тілдес мемлекеттердегі гендерлік білім берудің өзекті мәселелері» бағыттары бойынша өткізілмек. Симпозиумның ресми тілдері – түркі тілдері.

Жиынға ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Қазақстандағы Түркия Республикасының Бас Консулы Каган Илмаз, Өмер Халисдемир университетінің ректоры Мұхсин Кармен, Баку Еуразия университетінің ректоры Назым Хюсейнліді, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек, шетелдік және отандық жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың өкілдері қатысады деп күтілуде.

Айта кетейік, Өмер Халисдемир университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және М. Акмулла Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің ұйытқы болуымен Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы алғаш рет Түркияның Өмер Халисдемир университетінде 2014 жылдың 18-21 наурыз күндері аралығында өткен болатын. Сонымен қатар, шара аясында аталған жоғары оқу орындарының студенттерінің қатысуымен «Түбіміз бір Түрікпіз» фестивалі да тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

ӘДІЛХАН ШОРАБЕК

Медиа департаментінің
директоры

Тел.: +7 (727) 237 00 05

Email: khan_adil@mail.ru

ЖАНДАР АСАН

Баспасөз және қоғаммен байланыс
бөлімінің басшысы

Тел.: +7 777 511 56 56; +7 (727) 237 00 07

Email: zhandarassanov@gmail.com